



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№22 (84) 30 мамыр 2025 жыл

31 мамыр саяси қуғын-сүрін құрбандарын еске алу күні

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРДЫҢ АЗАБЫ

Халқымыздың өткеніне зер салсаң, қисапсыз қиянатқа кез боласың. Қазақ қуғын-сүргінді аз көрмеді. Алаш баласының басына тарихта болмаған ауыр кезеңдер өтті. Кеңес үкіметінің «Ұлтшыл контрреволюциялық көтерілісшіл ұйымдар» мүшелерін қуғындауы – соның айғағының бірі.

Қуғын-сүргін әуелден Орталықтан басталды. Кеңестік билікке қарсы «Еңбекші шаруалар партиясына» мүшелер ретінде Қазақстанда көптеген қазақ ұлтшылдылығының, қазақ күресінің, қазақ интеллигенциясының көрінісі болған «Алаш» қозғалысын құрған қайраткерлер А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан, М.Тынышпаев, М.Жұмабаев, Т.Рүсқұлов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров, Х.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов, Ы.Жайнақов, С.Аманжолов, С.Сабатаев секілді партия жетекшілері мен басқа да ұлт зиялылары тұтқындалып, тағдыр тәлкегіне түсті.

Зұлмат жылдарды зерттеушілердің деректеріне қарағанда 1927-1953 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылған. Осы қасіретті жылдары бүкіл елде 953 лагерь болса, Қазақстанда ГУЛАГ лагері 20-дан астам болған. Тарих дәуірлерден тұрады. Тарихшылар қуғын-сүргінді үш кезеңге бөліп қарайды.

Қуғын-сүргіннің бірінші кезеңі: 1918-1922 жылдар аралығы патша үкіметінің бұрынғы шенеуніктері, әскери адамдары, большевиктердің саяси қарсыластары, ақгвардияшылдар, алашордашылар, имамдар, ірі саудагерлер, фабрикант байлар қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл кезең большевиктік «Қызыл террор» деп аталды және Азаматтық соғыс жылдарына сәйкес келді. Ақ-қарасы анықталмай бейбіт халық көп қырғынға ұшырады. Қуғын-сүргін мен ашаршылық салдарынан бас сауғалаған халық көрші елдерге, Қытай жеріне босып, көшіп кетті.

Қуғын-сүргіннің екінші кезеңі: 1927-1933 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең «Ұжымдастыру» саясатына қарсы деген айыппен көптеген ірі байлар мен орташалардың мал-мүлкі тартып алынып, сотталды. «Ұжымдастыру» солақай саясатының зардабын халық тартып, 1932-1933 жылдар аралығында қазақ халқы жаппай ашаршылыққа ұшырады.

Байқау

Облысқа жолдама алды

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты игілікті іс-шаралар барған сайын екпін алып келе жатқан сияқты. Олай болатын жөні де бар. Айтулы мерейтойдың жылдың аяғына дейін жалғаса беретіні-жақсылықтың нышаны.

Жуырда аудандық ардагерлер ұйымы мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Отты жылдар жырлары» атты тақырыпта байқау өткізілді. Елтай ауылдық мәдениет үйінде өткен бұл байқаудың жауапкершілік салмағы оңай бола қойған жоқ. Ондағы қойылған талаптар мен шарттарды орындауға ешкім де жеңіл-желпі қарай алмады. Тарихы тереңнен бастау алатын Жеңіс

Қуғын-сүргіннің үшінші кезеңі: 1936-1938 жылдар аралығында болды. Бұл кезеңді тарихшылар сталиндік «Үлкен террор» деп атайды. Негізінен «халық жауы» деген айып тағылған партия мүшелері, интеллигенция өкілдері, шаруалар қуғын-сүргінге ұшырады. НКВД үштігі құрылып, жалған тағылған адамдар сот үкімінсіз атылды. Дегенмен, Сталиндік қуғын-сүргін мұнымен тоқтаған жоқ.... Сталиннің өліміне дейін, яғни 1953 жылға дейін жалғасты. Қолдан жасалған қуғын-сүргін ұлтымыз үшін ең ауыр, ең қасіреті қайғыға ұласқан кезең болды. Ұлт көшін бастайтын зиялы қауым, жақсы-жай-



саң өмірі тарыдай шашырап, өмірлері оққа байланды.

Бір халықтың тарихы үшін архивтің алар маңызы ерекше. Архив – ұлттық байлығымыз. Саяси қуғын-сүргіннің ұлтқа тигізген кесірі мен кесапатының архив құжаттарынан да көреміз. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» ККМ-сінің №№ 270, 348, 489, 558, 830 қор сақтауындағы құжаттарында қазақтың қуғын-сүргінде көрген азабы, жан төзгісіз қасіретке ұшыраған адам тағдырларын көреміз. «Алаш» қозғалысының Жетісу облысындағы беделді қайраткерлері Мұхамеджан Тынышпаев, Садық Аманжолов, Сатылған Сабатаев, Ыбрайым Жайнақовтың жеке құжаттары мен куәліктер, хаттамалар, жарлықтар, сот ұйғарымдары т.б. құжаттар кездеседі. Атап айтқанда, Ыбрайым Жайнақовтың өз қолымен жазған қолхаты, үй мүлкін тәркілеу туралы анықтамасы, сұрақ-жауап алу қағазы мен оны түрмеден босату туралы ел-жерден келген телеграммалар, түрмеден босату ту-

ралы құжаттары және № 2268 жеке қор иесі, белгілі «Алаштанушы» тарихшы, Ұлттық ҒА академигі Кеңес Нұрпейісовтің «Алаш Һәм Алашорда» (1995) туралы қолжазбасы архив қоймасында сақталуда. Тарихи шындық әрдайым алға шығады. 1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасында қабылданған саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң, заңдық негіз қалады. Тәуелсіз Қазақстан Алаш қайраткерлерінің мұраларын тас қапастан құтқарды. 1991 жылы Алматы облысы Әли мен Жаңалық ауылдары ортасынан 1930-1940 жыл аралықтарында репрессия кезінде атылған 4121 адамның жаппай көмілген орны табылды. 2002 жылдың 31 мамырында Жаңалық ауылында қуғын-сүргін құрбандарына арнап ескерткіш қойылды.

1997 жылдан бастап 31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – жаппай саяси қуғын-сүргін мен миллиондаған адамдардың өліміне әкеп соқтырған жан түршігерлік ашаршылықты еске алу күні атап өтіледі.

31 мамыр – XX ғасырдың басында талайды қайғыға душар еткен, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Алматы облысының мемлекеттік архивінің қызметкерлері «Жаңалық» ауылындағы қуғын-сүргінде құрбан болған азаматтарына арналған музейінде архив сақтауындағы қор құжаттарынан; репрессия жылдарына қатысты деректерден көрме ұйымдастырып, көрермендер назарына ұсынады және ескерткіш-мемориалға гүл шоқтарын қойып, тағзым етеді.

«Қуғын-сүргін құрбандары»-кешегі Алаш арыстарының жанпида жолы, арда тағылымы. 2020 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжолар Тоқаев Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Жарлыққа қол қойып, мемлекеттік комиссияның құруына себеп болды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында, қуғын-сүргінге ұшыраған, атылған азаматтарды еске алу, халқымыздың қасіретімен бөлісу арқылы тарихи санамызды тағы да бір жаңғырту. Демократия, толеранттылық, адам құқықтарына деген құрмет қазақстандықтардың өмір айнасына айналып келеді. Адамның асыл мұраты-өткеннен тәлім алу. Өзінің ерлікке толы тарихымен танысқан елдің рухы асқақтайды.

П.БЕКЕНОВА,

Алматы облысының мемлекеттік архивінің архивісі.

дан және бір әннен сарапқа салатыны белгілі болды. Осынау бағытта Ұмтыл ауылдық ардагерлері ұйымының «Мерей» мәдениет үйі жанынан құрылған «Парасат» атты хоры, Шамалған ауылдық аналар ансамблінің хоры, Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының «Дархан-Дария» ата-әжелер хоры, Береке ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған «Асыл қазыналы әжелер» ансамблінің хорлары таразы талқысынан өте жақсы деген деңгейді өтті.

Екінші кезекте жекелеген патриоттық тақырыптағы әндерге кезек тиді. Бұл орайда Әйтей ауылынан Бақытгүл Құланшиева апамыздың орандауындағы «Ана туралы баллада», Ұлан ауылынан келген ардагер Зейнолла Калиеваның орындауындағы «Соғыстан қайтқан солдаттар», Бекболат ауылынан келген атамыз Құдайберген Жамбыловтың орындауындағы «Кестелі орамал», Ұмтыл ауылының ардагері Гаухария Нұрғалиеваның орындауындағы «В землянке» әндері көрермен қауымды ерекше баурап алды. Бұдан басқа да тамаша әндер қошеметпен қол соқтырып отырды.

Сонымен байқау қортындысында Елтай ауылдық округінің Береке ауылының «Асыл әжелер» хорының орындауындағы «Бейбітшілік маршы» әні мен Жандосов ауылдық округінің, Шалқар ауылындағы Шара Омарованың жеке орындауындағы «Ана туралы баллада» әні әділқазылар алқасының қолдауымен облысқа жолдама алды. Енді бұлар осы айдың аяғында облыста өнер көрсететін болады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
Қарасай ауданы.

Апта жаңалықтары

ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР ШЫРҚАЛДЫ

КЕГЕН АУДАНЫ

Бөлексаз ауылдық мәдениет үйінде Отан соғысы ардагерлерінің патриоттық әндерінен Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай «Отты жылдар жырлары» атты байқау болып өтті.

Оған ауданның барлық округтері қатысты. Қорытындысы бойынша бас жүлдені Шырғанақ ауылдық округ ардагерлері, 1-ші орынды Тасашы ауылдық округі ардагерлері, 2-ші орынды Бөлексаз ауылдық округі ардагерлері, 3-ші орынды Қарабұлақ ауылдық округ ардагерлері жеңіп алды. Жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Жекеленген әншілерге де алғыс хат пен заттай марапаттар берілді. Соғыс жылдары айтылған әндерді нақышына келтіре орындаған ардагерлер бір сәт болса да өткен өмірлерін мұңая еске түсіріп, майдан даласына саяхат жасап қайтқандай болды.

ҰЙҒЫР АУДАНЫ

2025 жылдың 19-20 мамыр күндері аудан орталығы Шонжы ауылындағы Мәдениет үйінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Отты жылдар жырлары», «Песни огненных лет» атты әскери патриоттық әндерден зейнеткерлер арасында аудандық байқау болып өтті.

Байқауға келген ардагерлердің өнерлерін бағалауға аудандық Мәдениет үйі қызметкерлері Л.Арипова, Б.Мұхамжан мен аудандық ардагерлер ұйымынан Ы.Асаубаев қазылық етті. Байқауға аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейитов қатысушыларға белсенділік танытқандары үшін алғыс айта отырып, байқаудың тәртібімен таныстырды. Байқау қорытындысы бойынша жақсы өнер көрсеткен Ават, Қырғызсай, Үлкен Ақсу ауылдық округ ардагерлері аудандық ардагерлер ұйымының «Алғыс хатымен» марапатталды.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ

Қонаев қаласындағы Қонаев атындағы орта мектептің ақт залында қала әкімінің орынбасары Сәуле Қайырлыққызы, қалалық прокуратураның прокуроры Ақмарал Серғазықызы, Отбасы қолдау орталығының басшысы Мұқарам Жамалқызы, ішкі істер бөлімшесінің басшысы және ата-аналардың қатысуымен «Әкем-Тірегім, анам-жүрегім» атты іс-шара өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты - отбасылық құндылықтарды дәріптеу, үлкенге деген сүйспеншілікті арттыру және құрметтеу. «Әкем туралы не білем? «Анамның сүйікті ісі қандай?» «Алғыс айтамын» атты тақырып бойынша қатысушылар бір-біріне алғыс айтты. Бұл шара барысында қатысушылар отбасының маңыздылығын тағы бір рет сезінді. Олар ерқашан ақсақалдарға, аналарға құрметпен алғыс айтып, аға ұрпақ өкілінен үлгі алып, жақсы істерін жалғастырудың жастарға өте қажет екендігі жөнінде өз ойларымен бөлісті. Жиын соңы соғыс кезінде орындалған әндер мен ырғақты биге ұласты.

ІЛЕ АУДАНЫ

Қарай ауылдық округінің мәдениет үйінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Отты жылдар жырлары» атты ауданаралық көркемөнерпаздар байқауы жоғары деңгейде өтті.

Шараның басты мақсаты майдан жылдарындағы жанқияр ерлік пен отансүйгіштік рухты дәріптеу, жас ұрпақ бойында елжандылық сезімін ояту, ауылдық округтер арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты арттыру және өнерге құштар дарынды тұлғаларды таныту болды. Байқауға Іле ауданының тоғыз ауылдық округінен жиналған өнерпаздар қатысып, көрермендерге ерекше рухты кеш сыйлады.

Ән мен жыр, сахналық қойылымдар арқылы қатысушылар соғыс жылдарының жан тебіренерлік көріністерін сахнада жаңғыртты.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Өтеген батыр кенті Әлібек Нұрғожа атындағы ардагерлер ансамбліне табысталды. Ансамблдің орындауындағы тарихи сазды шығармалар көрерменді тебіреніп, әділқазылардың жоғары бағасына ие болды.

1-ші орын Байкент ауылдық округінің « Ұлағат» әжелер ансамблінің белді әншісі Ошыбаева Назгүлге берілді. Ол «Кестелі орамал» әнімен және әсерлі сахналық қойылымымен көрермен қауымды тәнті етті. 2-ші орынды Ақсай ауылдық округінің намысын қорғаған, мәдениет саласының үздігі, әнші Жарылқасенова Зәуре иеленді. 3-ші орын Қарай ауылдық округінен қатысқан «Кен дала» ансамблінің мүшесі, әнші Таджиева Секерге бұйырды.

Бас жүлде мен І орын иегерлері енді облыстық байқауда аудан намысын қорғайтын болады. Шара соңында Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә.Исаев барша қатысушыларға алғыс білдіріп, жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттады.

Бұл өнер мерекесі халқымыздың тарихи жадына тағзым етіп, Ұлы Жеңістің мәңгілік рухын дәріптеудің жарқын үлгісі болды.

Жаналықтарды дайындаған
Сумая ҚАЖМҰХАН.



Балқаштан алғашқы кәмпескеге ұшырағандар

Алматы округінің әкімшілік бөлініс бойынша жер аударуға іліккен кәмпескеленушілерге ашылған айыптау істері бойынша кәмпеске комиссиясының мүшелері мал-мүліктің есеп-кисабын түгендегенімен, жан басының санын айналып өте берген. Сонымен бірге ОГПУ қызметкерлері ел ішіндегі білдірмешілердің ақпарына сүйеніп, науқан алдында ірі байлардың мал басының саны жайлы ақпар жинақтаған. Мал басының ол саны істерде мал басының әуелгі саны немесе 1928 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет деп аталды.

Балқаш ауданынан тәркілеуге алғашқы болып жатқызылғандардың бірі-ағайынды Әбілдә мен Білдебай Самаевтар. Олар жөнінде тоқсан жастан асқан бақбақтылық Сейімхан Ысқақов кезінде былай деп әңгімелеген еді:

-Балқаш түгiлi Жетiсуге аттары мәшһүр болған Әбiлдә мен Бiлдебайдың атасы Қашқын асқан бай әрi би түсетiн жомарт үйлi кiсi болған. Қашқын бастап, Балғалы елiнiң баска да сорпаға шығарлары костап, Iледен тоған қаздырып, елдi егiншiлiкпен айналысуға мұрындық болыпты. Сөйтiп, Құланбасы, Жуанқұм етегiндегi бұрынғы ескi Бақбақты, Ақдала алқаптарына Iледен алғаш су шығарған. Сол тоғанды ел кейiн «Қашқын тоғаны» атап кеткен. Қашқыннан Итжiгiт туды, одан-Самай қажы. Самайдан-Әбiлдә, Бiлдебай, Сембай, Дiлдәбай. Балғалының Құлымнан шыққан Тасыбайдың баласы Бөлек болыс болғаннан кейiн орысша тiлден қиналғанда, оны оқуға жiберткен де Қашқын ата екен. Бөлек оқып келген соң, Қашқын атаға сәлем бермей кетiптi. Сонда Қашқын:

-Екеумiздiң ұрпағымыздан Балғалының арасына жiк түсетiн болды ғой,-деп өкiнiш бiлдiрiптi. Кейiн Қожахан Бабайұлы мен Бiлдебай Самайұлы болыстыққа таласып, соның салдарынан Балғалы Құлым, Құлымбет болып екi жiкке бөлiнiп кетiп, Қашқын атаның айтқаны айнымай атанпiтi.

«Қарға болыс» атанған Бiлдебай Самайұлы-кәмпеске құрығына алғашқы iлiккендердiң бiрi. Үйiрлеп жылқы, отарлап қой айдаған Қашқынның немересi Бiлдебайдың мал-мүлкi мұрағат құжаттарында былайша хатталыпты: «Самаев Бельдебай, по прозвищу во всем уезде как «Карга». Казах бывшей Джетесуйской губернии Талды-Курганского уезда, бывшей Балгаинской волости, ныне Малай-Сарыйского (Алтын-Эмельский) рай-она. По сведениям имеет 12000 баранов, 3000 лошадей, 100 голов рогатого скота (в переводе на крупный скот 6400 голов).По сведению Губфо имеет 800 голов крупного скота. Имеет скота от объектов обложения, в частности по бедноте в 1927году платил 3800 рублей, самый богатый бай волости и уезда. Имеет большое влание, при русском самодержавии был волостным управителем».

Начальник ВО - Ковальшшин. (ҚР ОМА. 135 қор, 1тізбе, №698 іс, 1-6 пп.).

Бүкіл Жетісуға аттары дүрілдеген ағайынды Әбілдә мен Білдебай Самаевтар ірі бай ретінде мал-мүлкі тәркіленіп, Оралға жер аударылды, олар сол жақта қайтыс болған.

«Ірі байлар мен ақсүйек шонжарлар-

Ашаршылық - азалы жылдардың атасы

Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қайғы қасіретінен кейінгі оның басынан кешкен ең зор, сұрапыл зұлмат-ақпатшаның 1916-жылғы июнь жарлығы, Қазан төңкерісі, кәмпеске, колхоздастыру, 1932-33 жылдардағы қолдан жасалған қызыл қырғын, аштық, 1937 жылғы «халық жаулары», 1941-1945 жылдардағы екінші дүни-ежүзілік соғыс.

Қазақтың сүт бетіне шығар қаймағын қалқып ала берген 20-ғасырдағы адамзат баласына қарсы жасалған ең өрескел қылмыстарды, қайғылы жағдайларды, сұмдық қатыгездік әрекеттерді қағаз бетіне түсірген кездің өзінде жанын түршігеді, айту да есту де қиын. 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданған еді.

Қуғын-сүргіннің басталуы Ресейдегі азамат соғысы кесірінен шаруашылықтың күйзеліске ұрынуы және орын алған жұттың салдарынан Қазақстанда халық 30 пайызға азайған. 1921-1922 жылдары шет жерге 1 млн қандасмыз қоныс аударса, аштыққа ұшырағандардың саны 2 млн 286 мың 591 адам болып, соның 68,2% , яғни 1,5 млн қазақ өлген. Ал, 1930-1933 жылдары 2,4 млн. адам аштықтан қырылды.

Хұсайын Бижанов өзінің «Нұрлы жол» кітабында 1932 жылы қыстың ортасынан аштықтан тұлыптай ісіп-кеуіп, тарамыстай тыртып, әулеттер қырылып, үйлерден түтін шықпай қалғанын, жолшыбай бет-аузын ит-

дың және әлеуметтік қауіпті элементтердің мал-мүлкін кәмпескелеп, өздерін жер аудару туралы» 1928 жылы тамыз айының 27-сі күні шығарған қаулысына орай, көп ұзамай Балқаш ауданынан Бөрібаев Қожай, Смайылов Дәркенбай, Смайылов Тезекбай, Ойшиев Әшімбек, Тілеуқабылов Әбіл, Шығыров Жаманкүл тізімге ілігеді.

Ағайынды Дәркенбай мен Тезекбай Смайылұдары Оралға жер аударылып барғанан кейін Қазақстанның Орталық кәмпеске комиссиясына бірнеше рет ізденіп, арыз бергендерімен онды шешім қабылданбады. Керісінше «Үлкен байлығының арқасында бұрынғы ата жуандығы, бектік, мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңсе жұмысының ілгері басуына кеселін тигізіп келген» деген 1-ші статьядан, малы бар адамдардың малы ірі қараға шаққандағыдан кем бола тұрып, өз қылығы, қылмысы жағынан бірінші статьядағы жер аударылуға тиісті адамдардың қатарына кіретін болса, ондайларды Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің ерекше шешімімен «...Кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақсүйек сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірге қолынан шығармай патшадан айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының бірінші статьясына тура келмесе де малы кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қонысынан қуылды» деген 5-ші статьяға оп - оңай ауыстыра салды. Сөйтіп, сол кеткеннен оларды қайтадан туған топыраққа оралуға тағдыр жазбады. Тезекбаймен бірге кеткен ұл-қызынан тараған ұрпақ тірі болса қайда жүр? Бұл да белгісіз, ал Дәркенбайдың балалары кейіннен көп қорлық көріп Балқаш ауданына оралды. Бүгінгі таңда солардың ұрпағы бір қауым ел болды.

Ал, 1000 мың қойы, 60-70 жылқысы, 30-40 түейсі бар деп есептелген Әшімбек Ойшыұлы кәмпеске тізіміне ілінісімен бой тасалап үлгерді. Әшімбекті дер кезінде қолға түсіре алмай қапы қалған ГПУ қызметкерлері Мұратбек Маясаровқа шүйілігіп, ақырында 1 жылқысы, 1 сауынды сиыры, 14 қойы бар оны да кәмпескелеп, 17 қарашада Орал округінің төрінен бірақ шығарады. Ол нақақтан-нақақ кәмпескеленуге ұшырағаны жайлы ҚазССР Орталық Атқару комитетінің президиумына арыз жазып, ешқашан бай болып еңбекшінің еңбегін қанамағанын, тіпті Әшімбектің баласы еместігін дәлелдеуге тырысып арыз жазу-мен болды.

Балқаштан жер аударылған байдың біреуі-№4 ауылдың бәйбіше руынан тарайтын Әбіл Тілеуқабылов. Кәмпескеге іліккен сәттегі тәркілеу тізіміне 63 жылқы, 2 түйе, 132 ірі қара, 310 қой-ешкі есепке алынған. Араға біраз уақыт салып, комиссия үстемелеп қосып жазып, қойдың санын 1500-ге жеткізген. Бұл-ірі қараға шаққанда 300 бас. Кәмпеске-леу жөніндегі комиссия хатшысы И.И.Мупценектің анықтамасы бойынша араға біраз уақыт салып 515 басқа бірақ ырғыған. Шара-сыздықтың кебін киген Әбіл жоғарғы жаққа шағымданып әділдік іздеп бақты. Бірақ оны-сынан ештеңке еңбеді.

Орталық мұрағаттағы 81 беттен тұратын тағы бір істің иесі-Қожай Бөрібаев. Ол да бай қатарына жатқызылғанда бастапқы кезде

одан 13 жылқы, 51 ірі қара, 182 қой тәркіленген. Бірақ оған туыстары Қамсай Бөрібаевтың 1 жылқысын, 8 ірі қарасын, 52 қойын, Ауия Шоқабаеваның 7 ірі қарасын, 32 қойын, Нұрқожа Бөрібаевтың 11 жылқысын, 63 ірі қарасын, 226 қойын, Қайырбек Байқожаевтың 2 жылқысын, 16 ірі қарасын, 70 қойын, Қарсақбай Байқожаевтың 11 жылқысын, 44 ірі қарасын, 167 қойын қосып жазып, ірі байдың санатынан шығарған. Жоғары аты аталған адамдар да кәмпескелеу қатарына жатқызылған адамдардың санатынан сырт қалмаған. Олар қаншама шырылдап, қолдарындағы малдың Қожай Бөрібаевқа ешқан-дай қатысы жоқтығын айтқанымен жергілікті шолақ белсенділер құлақ аспады. Айналып келгенде ірі бай санатына жатқызылған ол көп ұзамай Оралға жер аударылып кете барды.

Қазақстан Орталық аткомы мен Халық комиссарлар Кеңесі және Мемлекеттік жоспарлау комитеттері жанындағы Күнпиялы құжаттар бөлімінің менгерушісі И.И.Мупценектің 1928 жылы қарашаның 25-і күні кәмпеске науқанының орындалу барысы жайлы жасаған кестесіне қарағанда, Алматы округінен 81 бай кәмпескеге ұшыраған. Бүкіл Қазақстан бойынша 12 округтен 710 отбасын кәмпеске-леп,олардың 693 шаруашылығынан 300 мың бас мал өндіріп алу жоспарланған. Осы 693 шаңырақтың әрқайсысында шамамен 433 бастың төңірегінде мал бар деп саналған.

Егер мұрағаттағы құжаттарға зер салсақ, әрқайсында ең кемі ірі қараға шаққанда 400-ден астам малы бар делінген 693 байдың қатарына іліккен отбасы, отағасына қарасты әулет малының бар-жоғына қарамастан хантөре тұқымы, би-болыс немесе саяси қауіпті ретінде 2-інші топ бойынша тәркіге тартыла берген. Әуелде жекелеген отбасы иелеріне еншісі бөлек балалары мен немере туыстарын «бір түтін» ретінде қосып кәмпескелеп дөндеген белсенділер қыза-қыза бір адамның еншісіне түгелімен тұтас әулетті, кірме кедей-кепшігімен қосақтап тіркей салудан да шімірікпеген. Кәмпеске кезеңінен бізге жеткен құжаттардың ұзын-ырғасынан сол тұста жауапты қызмет атқарған мемлекет қайраткерлері арасында бір-біріне деген сенімсіздік пен алауыздық, көзқарас пен мақсат-мүдде қайшылығы қылаң беріп отырады. Осындай ішкі егестердің салдары тәркіге түскен кісілер тағдырының тауқыметіне айналып кетуіне ықпалын тигізбей қоймаған.

Репрессияға кім кінәлі дегенде көбіміз Сталин және оның айтқанын орындап, абырой таппақ болған жандайшаптарға кінәлі деп жатамыз. Сөз жоқ, олар кінәлі. «Жаудан сақ болайық, жауды ымырасыз әшкерелейік!»,-деп ұран тастаған, нұсқау берген де солар. Сөйтсе де сол сорақылықтарға кінәліні, біздіңше, өз ішімізден іздегеніміз керек. Олай дейтініміз орталықтан ешкім Ежов та, Берия да «қазақтар, сендер жау ретінде мыналарды ұстандар» деп ешкімнің атын атап, түсін түстеп берген жоқ. Әлгі саясат, нұсқауға елең ете қалғандар, атына міне шапқандар өзімізден табылды. Олар аттандап шыға келді де,ұранға айқай қосты. Жоғарыға жағынып, жау табуға жұмылды. Қыза-қыза астананы қойып, ауыл, аудандарды аралап кетті. Қой бағып, жер өңдеп, егін салып жүрген «жауларды» тауып алды. «Донос» жасады, жалған куәлік етті, ұстап берді. Сөйтіп, өз еліне, өз жұртына, өз ағайын-туғандарына ата-баба-мыздың салтында болмаған сатқындық жасады.

Зарықққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

құс жеген адам денесін және Шелекте асхана жанында сүйек кеміріп жатқан адамды көргенін есіне алады. Асысаға ауылында аштық жылдарында ұйымдастырылған «ортак қазан» адамдарды күніне бір рет бір ожау қара көжемен тамақтандырған. Аштарға Б.Бошаев, Ә.Атамбеков бастаған мерген топ ұйымдастырып таудан аң атып әкеліп, Бектемісов Сары мен жұбайы Қатипа туған қойларды сауғызып сүтін аштарға таратып көмек көрсеткенін, халық ашаршылықтан қиналып отырғанда Балқаш ауданынан кел-



ген адамдарға да пана болғанын келтіреді.

ҚР мемлекеттік архивінде 1928 жыл қыркүйек 1929 жыл ақпан айы аралығында заттары тәркіленіп, жер аударылғандардың іс-қағаздары сақталған. Солардың ішінде №195 іс бойынша Алматы округі Еңбекшіқазақ ауданы № 9 ауылдан Бейімбетов Шеру, оныншы бумада № 259 іс бойынша Ахмет Дәулетбеков, № 1 ауылдан № 265 іс бойынша Дәркенбаев Дәулетханнның тағы басқа отбасылардың заттары, малдары, құрал-саймандарына дейін тізім жасалып тәркіленгені және жер аударылғандары туралы мәліметтер бар. Сол сияқты Шелек ауданы Сарытау ауылында жылқышы Бегалы Жангелдіге үш баукеспе ұры келіп, «3 айғырды 2 күнге бере тұр, Қырғыз еліне кіріп біраз жылқы айдап келейік» деп қолқа салады. Бегалы келіспей-

ді. Ауыл маңындағы арпаға ұрылар от салып, Бегалыға жала жауып, соттатып жіберіпті.

Алматы қаласынан 40 шақырым жерде Жаңалық ауылы аумағында 1930 жылдары болған «қызыл террордың» 4125 құрбандары жерленген. Бір-бірінің сыртынан арыз жазу, домалақ арыздар нақты дәлелдері болмаса да, негізгі құжат ретінде қарастырылған. Ресей патшасы І Александр: «Оларды бағындырудың жолын ойластырдың ба?»,- деп сұрағанда М. Сперанский (Сібір генерал-губернаторы):» Қазақ даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Өте қатты, балтамен шауып сындыра алмайсың. Оны тек бір-біріне ұрып сындырады. Қазақтар руға қатты бөлінеді. Оларды бір-біріне айдап салып, әлсірету қажет»,- депті. Халықты бөлшектеп, орыстандыру саясатында «тілді» қару ретінде қолданған орыс шығыстанушысы Н. Ильминский еді...

Қуғын-сүргінге Қазақстанда 90867 адам, Өзбекстанда 10164 адам ұшыраған екен (екі елде сол кезде халық саны бірдей еді). Бұл жай ғана сан емес. Бұдан шығатын қорығынды: қазакқа сабырлылық қажет, бірілік, ынтымақ керек. « Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп, Абай ата өсиетін ұран қылып ұстайық. Елдегі тоталитарлық жүйеде жеке адамның құқығы аяққа басылып, балама пікір айтқан адам халық жауы қатарына жатқызылып, қатаң жазаланған уақыт жайында тарихтың «ақтандақ беттерін» зерделеу, өшкенді жаңғырту, ұрпақ бойына отаншылдық сезімін ұялатуға мүмкіндік береді .

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,
ҚР Журналистер одағы мүшесі,
Еңбекшіқазақ ауданының
Құрметті азаматы.

XX век был богат судьбоносными событиями, историческую значимость которых, несомненно, оценит будущее. В водовороте этих событий находились миллионы людей, в том числе и казахстанцы, а также и все те, кто, волей обстоятельств оказавшись в Казахстане, оставил приметный след в его истории.

ЯЛЫМОВ Газиз Абдулгиреевич (1885-1937)

К числу таких значимых личностей, чья жизнь оборвалась в трагические тридцатые годы XX века, с полным основанием можно отнести Газиза Абдулгиреевича (в документах 20-х годов Азиза Гиреевича) Ялымова.

Ялымов Газиз Абдулгиреевич был из плеяды политических деятелей, выросших и возмужавших в начале XX века под влиянием национально-освободительного и демократического движения на окраинах тогдашней России. Он участвовал в революционных событиях начала века, прошел по дорогам гражданской войны рядом с легендарным М.В. Фрунзе и некоторое время сотрудничал с И.В. Сталиным. Позднее Г.А. Ялымов оставляет активную политическую деятельность и порывает с ВКП(б) (обстоятельства не выяснены).

Ялымов Газиз Абдулгиреевич родился в 1885 году в Петропавловске в семье скорняка. Учился в гимназии села Троицкого, что в Оренбуржье, поступил в Петербургский технологический университет, но позже был отчислен за участие в студенческих волнениях, затем отправлен под надзор полиции в Баку. Дело о его высылке было найдено в архивах Петербургского жандармского управления, некоторые сведения взяты из личного архива, состоящего из отрывочных документов и воспоминаний его жены Зары Саитовны и сына Назима Газизовича. Зара Саитовна знала, что ее муж был членом Бакинской коммуны, после разгрома которой лишь по счастливой случайности не попал в число расстрелянных комиссаров. В дальнейшем, согласно записи в выписке из послужного списка Газиза Ялымова, с апреля 1908 года работал в Санкт-Петербурге в статистическом отделе Главного переселенческого управления по исследованию киргизских (казахских) крестьянских хозяйств в Сибири и Туркестане, с 1912 года – в управлении водных путей и шоссейных дорог, с 1914-го по 1918-й год – в Главном правлении товарищества братьев Нобель.

В 1918 году на I-м Всероссийском съезде коммунистов-мусульман в Москве было создано Центральное Бюро мусульманских организаций. Бюро работало на правах отдела ЦК РКП(б). В его состав входили тогда председатель И.В. Сталин, заместители Б. Сардаров и Г. Ялымов. Одним из основных направлений работы Центрального Бюро, судя по записям выступления Г. Ялымова, была широкая пропаганда идей социализма на восточных языках. В дальнейшем, из воспоминаний Зары Саитовны Ялымовой, в силу несогласия с политикой и деятельностью Сталина Г. Ялымов вынужден был покинуть Москву. Ялымов больше не принимает активного участия в политической жизни и порывает с партией, в которой состоял более 10 лет.

В 1919 году решением Центрального комитета РКП Г.А. Ялымова командировуют в распоряжение Туркестанского краевого мусульманского Бюро РКП. В послужном списке Г.А. Ялымова по Туркестану отмечено, что он с марта 1920-го по май 1922 года работал в Госиздате Туркеспублики, с мая 1922 года по июль 1923 года – в Туркпромсоюззе (Совнаркоме Туркеспублики). Работа в области коопераций после ухода с арены политической деятельности, судя по сохранившимся в личном фонде документам, стала основным занятием Газиза Ялымова до конца его жизни. С июля 1923 года он уже практически не выезжал из Алма-Аты вплоть до ареста. 21 августа 1937 года его арестовывают на основании ордера НКВД КазССР от 20 августа. Основание ареста: донос, участие Газиза Абдулгиреевича Ялымова в контрреволюционной террористической организации и ведение антисоветской агитации и пропаганды.

Газиз Ялымов был расстрелян через три месяца после ареста, будучи ни в чем не виновным. В семейном архиве хранится свидетельство о смерти Газиза Абдулгиреевича Ялымова, выданное 22 июня 1989 года: «Умер 27 ноября 1937 года. Причина смерти – расстрел».

После долгих годов расследований, обивания порогов всех инстанций сыном, Ниязом Газизовичем Ялымовым, возглавлявшим Тольяттинскую городскую общественную организацию «Жертвы политических репрессий», доброе имя его отца Газиза Абдулгиреевича Ялымова было восстановлено. 20 мая 1988 года по протесту прокурора республики уголовное дело Г.А. Ялымова было прекращено за отсутствием события преступления. Он был реабилитирован. Решение подписано председателем суда Казахской ССР. Реабилитация восстановила доброе имя достойного гражданина России. К сожалению, посмертно.

Эта небольшая статья посвящена памяти человека, чья судьба, как и судьба многих других людей, сложилась трагически на переломном этапе минувшей эпохи – эпохи сталинизма. Целые «поколения казненных» принесены в жертву злой воле деспотического правления личности, навеки оставившей о себе кровавую память. Склоняя голову перед памятью погибших в годы сталинских репрессий, можно с уверенностью сказать, что память человеческая нетленна, как нетленна память о деяниях давно ушедших дней.

Н. ЖУСУПОВ,

архивист

Жаныңда жүр жақсы адам

ҰЙЫТҚЫ

Қазақстандағы тұңғыш құрылған «Ақ әжелер» халық ансамблінің жетекшісі Күміс Пармашқызының 1 маусым күні-85 жасы. Мен кейде осынау ақжарқын келбетті, жүзінен күн күліп тұратын әпкеме қарап, бұл кісінің бойындағы қажымас қуатқа қайран қалатынымын. Қашан көрсек те көпшіліктің алдында, ақ кимешекті әжелердің ортасында жақсылыққа жанашыр болып жүргені. Қашан көрсек үміт-сенімнің жетегінде, жаңа бір идеялар бастап, қазақтың тілі мен дәстүр-салтын дамыту жолында пәруана тіршілік кешіп жүргені. Шіркін, есті әйелдің бәрі осындай болсашы дейсің! Шіркін, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстаздардың бәрі осы Күміс әпкемізден үлгі алса дейсің!

Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында... жоқ, одан да ертерек екен ғой, иә, сексен алтыншы жылғы тарихи оқиғадан кейінгі кезеңде ұлттық намысы ширыққан Күміс Пармашқызы Кемелбекова ауданда тұңғыш рет әжелер ансамблін құрды. Қазір айтуға ғана оңай, болмаса, бұл ұжымды біріктіріп ұйымдастыру, оның түрлі орталарда халықтың алдына шығуына күш салу, мәртебесін бекіту, салт-санамызды насихаттайтын осындай ақ ниетті әжелер ансамблінің қажеттілігін билік орындары алдында дәлелдеу, арнайы киім тіктіруден бастап, шығармашылық бағдарламасын жасау, бәрі-бәрі қыруар қажырлы еңбек кәдімгідей қаржыны да талап еткенін енді кім ескеріп жатыр? Соның бәрін үлкен жігермен, тың ізденіспен атқарды Күміс әпкеміз.

Бұл қоғамдық жүктеме алдына, одан тыс мектептегі сабағы, үйдегі әйел, ана ретіндегі айнымас міндеті тағы бар. Соның бәріне уақыт табу, бәрін рет-ретіне келтіру кез келген әйелдің, ананың, ұстаздың қолынан келе бермес еді. Күміс Пармашқызының қолынан келді.

Бір күні қарасам, Ұзынағашқа кіре беріс көшенің көрнекі бір тұсына ақ шаңқан киіз үй тігіліпті. Сұрастырсам, Күміс әпкеміз жазда ары-бері өткен жолаушы сусындайтын қымызхана ашыпты. Дастархан толы ұлттық тағам, сары тоқаш, құрт-майы, ірімшік, женті тіл үйіреді. Саба толы сары қымызды бабымен сапыр-е-п отыр ортада. Көргеннің көзі қуанады, ішкеннің мейірі қанады.

Біреулер ойлайтын шығар, нарықтың жетегіне ілескен елдің іскерлік әрекеттеріне сай пайда табу мақсатымен жасалған жұмыс шығар деп. Тіпті олай емес. Кәдімгі ұлттық болмыс. Кәдімгі ұлттық дүниемізді жаңғырту, ұмытпай есте сақтау, бір адамның болса да зердесіне бұрынғы ата-бабаларымыздың бие байлап, қымыз ашығып, кереге көзінен береке шалқыған киіз үйінде малдас құрып отырып, мәслихат құратын кейіпін тағы бір елестету үшін жасалған ұмтылыс еді бұл. Қазағым деп соғатын жүрегі қандай бұл әпкеміздің.

Кейін өзі айтады ғой, «Содан түк пайда таппадым, қайта кейбіреулер өзіме күліп кетті» деп. Расында солай. Біз қазақтық қалпымызда қайта оралғанша әлі талай су ағатын шығар. Сол кезде Күміс сияқты қазақы мінезді қажымас қайсар әпкелеріміз алдымыздан тұрса, қане.

Ұйытқы дейтін дүниені аққа жақын жүретіндер жақсы білсе керек.Ол болмаса сүттің – айранға, саумалдың қымызға айналуы неғайбұл. Және

ұйытқан осы екен деп, кез келген ақты ашытқы ретінде албаты пайдаланбайды қазақ. Ол ұйытқы болып мандымайды, ұйытқының да ұйытқысы болады. Білетін адамдар оның ең маңыздысын ғана таңдайды. Бір қарасам, Күміс әпкеміз тура осы ең маңызды ұйытқы тәріздес. Қашан болсын көпшілікті жақсылыққа үндеп, ісімен де, сөзімен де бәрін бір мәмілеге келтіріп, айналасына шұғыла шашып жүргені.

«Көп білген кемеңгер емес, білгені еліне көп пайда келтірген кісі кемеңгер» деген екен, көне грек данышпаны. Сол айтпақшы, көріп-біліп, көкейге түйгенін көпшілікке алғаусыз ұсынып жүрген осындай адамдар болмаса, мына өмірдің қаншалықты көңілсіздік басарын көз алдыңызға бір елестетіңізші.

Біздің Күміс әпкеміздің ұстаздығы ғой осының бәріне бастап жүрген. Білгенін үйретсем дейді, шәкірттерім өзімнен де білімдірек, өзімнен де биік, жігерлі болса екен дейді. Сол үшін бүкіл өмірінің 50 жылын мектепте өткізді. Кейінгі 40 жылда ауданның барлық қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, ұлттық келбетіміздің жарқырай түсуі жолында өлшеусіз тер төкті. Біз келтірген бірді-екілі мысал шет жағасы ғана. Бұл адамның жарқын нұрлы жан дүниесіне үңілу үшін ол мүлдем азық етеді.

Екеуіміздің бір әңгімесіміз байыған тұста: - Тәте, сіз көп адамның өмірін ұзартуға өлшеусіз үлес қосқан адамсыз, - дедім мен төтесінен.

Қапелімде естіген тосын тіркес болған соң ба, бұл кісі сәл ойланып қалды. Қалт түсінбегені бет әлпетінен байқалды. «Дәрігер емеспін, емші емеспін, мұнысы қай айтқаны» деп абдырағанда болар. Ал менікі сәл астарлы болса да негізі шындық сөз еді.

Расында, әжелер ансамблін құруға ұйытқы болуының арқасында Күміс Пармашқызы егділік жасын еңсерген талай адамның жанына шуақ, бойына қуат құйды. Алдағы болашаққа деген сенімін сергітті, кейбір адамдардың алтын толы сандықтай асыл кеудесінің кілтін ашты, әлі де берері мен көрері көп екеніне көзін жеткізді. Олар өзінің қоғамға әлі де қажет екенін сезінді, сөйтіп көңілі көтерілді, өмірі ұзарды.

Ұлттық педагогиканың ұлағатын әріден пайымдаған оның ең алғаш әжелер ансамбліні қалай құрғанын біз әрине, көргеміз жоқ. Оңай болды деп ойламаймыз. Ол туралы өзі де «Өмір өткелдері» атты кітабында жіктеп, жіліктеп жазды. Бірақ біз басы-қасында жүрмеген соң сол кездегі ұжым құрудың ұңғыл-шұңғылына терең бойлай



алмаймыз. Дегенмен бір білетініміз, осы кісінің батасымен күллі Қазақстан бойынша тұңғыш рет біздің Дегерес ауылында құрылған әжелер ұйымының кейін күллі Қазақстан бойынша кең қанат жайғаны. Оны дәлелдеп жатудың қажеті шамалы, осы күні қай жерде қандай ұжым бар екеніне көпшілік күнделікті ақпарат құралдары арқылы қанық. Қазір еліміздегі аудандар былай тұрсын, тіпті әжелер ансамблі жоқ ауылдық округ бар ма екен өзі деп қайран қаламыз. Демек, біздің Күміс әпкеміздің бір кездегі бастамасы ел үшін аса қажетті, әрі өміршең болды деп білген дұрыс.

Иә, кері тартып үйренген кейбір ағайыннан: «Қартайғанда кәрібоз жорға дегендей, осы кемпірлер сахнада секектеп қайтеді. Жатпай ма үйінде немере бағып...» деген пікірді де естіген құлақта жазық жоқ. Кейін солардың өзі әжелер өнеріне сүйсіне зер салып, залда дуылдат қол шапалақтап отырғанын да талай рет көрдік. Өйткені отбасында ұлы мен қызын аялап өсіріп, өнегелі тәрбие берген Күміс тәріздес әрбір ананың кеудесінен шыққан күмбір үнге тебіренбеу мүмкін емес еді. Олар өз кеудесінде ұлт мәдениеті мен өнерінің алауын өшірмей сақтағандар болатын. Сол алауды қисынын келтіріп одан әрі лаулатып жіберген Күмістің өлшеусіз еңбегінің нәтижесі осы сахна төріне көтерілген әрбір әженің қимыл әрекетінен, сөзінен, үнінен, үстіндегі ұлттық кимінен байқалды. Осыны кезінде ұлт мәдениетінің шынайы бірлігі, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, асыл текті ағамыз марқұм Өзбекәлі Жәнібековтей терең пайымдай алғандар қаншалықты еді деп кейде қазір ойға шомылатынымыз бар.

Жамбыл ауданында «Ақ әжелер» фольклорлы-этнографиялық халық ансамблін құрып, кейінгі жыл мұғдарында еліміздің өнегелі ұлағатын талмай дәріптеген біздің Күміс әпкеміз қазақтың тілі мен дәстүрін өрістету үшін жанын сала күресті. Ол жетекшілік еткен ұжым мүшелері де уақыт өткен сайын тұлғалана түсті. Олар әлеуметке жеткізген кешегінің өсиет нақылы, ауыз әдебиетінің інжу-маржан қазынасы, халықтық

салт-дәстүр сипатынан сахна арқылы көрсеткен әрекет көріністері үнемі іріктеліп, сұрыпталып тұрды, елге тек өнегелі, ең озық нұсқаларды ұсыну көзделді. Өзінің мамандығы филолог болғандықтан да шығар, фольклордың қаншалықты құнды екенін жақсы білетін Күміс Пармашқызы осы тұрғыдан да ізденісті жұмыстар атқарды. Ол ел арасында сақталып қалған ескі әуендер мен мақамдарды жаңғыртты, этнология мен әдебиеттану саласының мамандары назар аударар болса – аса маңызды саналатын аңыздар мен әпсаналардың, қара өлеңнің қаншама нұсқасын тапқаны да өз алдына бір тарау әңгіме.

Уақыт өте келе кейінгі тарихшылар мен әдебиеттанушы, әлеуметтанушы, өнертанушы мамандар, әр саладағы зерттеушілер ел тәуелсіздігінің елең-алаңындағы рухани-әлеуметтік мәселелерді зерделейтін шығар деген ойдамыз. Сол кезде кеңестік идеологияның тегеурініне төтеп бере алмай жаншылған ұлттық рухтың өн бойына қайтадан қан жүгіртіп, дем салып демей көтеру үшін шырылдап жүрген шырақты әйелдердің қатарында біздің Күміс әпкеміздің есімі алдыңғы қатарда тұрса жарасар еді.

Бұл кісі туралы біздің айтарымыз мына бір беттік мақаланың аясына сыймайды. Сондықтан тізгінімізді тарта-тарта, іркіле сөйлеп жатырмыз. Өзі сексен беске келдім десе де өзіміз үшін сол баяғы сексенінші жылдардың соңында көрген кейінде сияқты. Дегенмен уақыт шіркінде тоқтап жоқ, тұңғыш ұлымен қатарлас болғандықтан да шығар, алпыстан асқан бізді де бір баласындай көреді бұл кісі. Біз болсақ өзін жан дүниесі жақын әпке санаймыз. Әпкеміздің өмірлік тәжірибесі бай, көрген білгені көп, көкірекке түйген қазынасы қисапсыз, өнеге-үлгісі баршаға ортақ. Ол қашан да қазақтың асыл текті қасиеті ұрпақтан ұрпаққа ұласа берсе, атадан балаға мирас болып келе жатқан баға жетпес бай дәстүрінің тіні үзілмесе, ұлт жанының жалқын нұры көмескіленбесе, халықтың саф алтындай сөзі арзандамаса, күміс қоңыраудың үніндей күмбірлеп естілетін күйі мен әнінің ырғағы бұзылмаса екен деп Алладан тілек тілейді. Өзі үйреткен өнегені жалғастырар перзенттерінің, күллі қазақ елі ұрпағының болашағы баянды болса екен дейді. Иmandылық жолында адалдығынан жазбаған асыл ананың осынау ақ тілегін Жаратқан Жаббар иеміз қабыл етсін дейміз біз де.

Бұл кісіге деген елдің ықылас-ілтипатын, еншілеген марапат-атақтарын, шақыртумен барған, өздері аралап көрген Қазақстандағы, шетелдегі жерлерінің бәрін тізімдеп тізер болсақ, сөз ұза-ра береді. Сондықтан осы арадан нүктелеуге мәжбүрміз.

Жасай беріңіз, жақсы әпке! Сізге зор денсаулық тілейміз. Аппақ шындай сеңгірлі сексен бес жасыңызда Алланың рақым-шапағатына, табиғаттың рисалат нұрына бөленіп, еліңіздің ортасында мархабат кешіп жүре беріңіз. Сіздің үлгі-өнегеніз енді кейінгі немере-шөберелеріңізге жұғысты болсын!

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
ақын, Қазақстанның құрметті журналисі.



Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Есімдері ұмытылмайтын жандар

«Алатау ардагері» газетінің осы жылғы сәуір айының 15-інші санында ауданымыздың Ақтам ауылдық округі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Б.Ажыбаев ағамыздың тыл ардагері Молдабаева Дәкен анамыздың өмірі жайлы жазылған мақаланы оқығаннан кейін сол ауылдан шыққан, соғыс және еңбек ардагерлері Муратов Мурадил мен Қырықбаев Нүсіпқожа туралы аудандық ардагерлер ұйымында бар мағлұматтармен бөлісуді жөн көрдім.

Муратов Мурадил, 1906 жылы Алматы облысының Добын ауылында туылған. Еңбек жолын 15 жасынан бастап, 1930 жылға дейін әр түрлі салада жұмыс істеген.1930-1932 жылдары «Йолчи» колхозында бригадир, 1932-1934 жылдары көршілес Панфилов ауданының « Пенжим» ауылындағы мектептің директоры, 1935 жылы Добын ауылында са-тушы, 1936 жылы «Сарыбұлақ»(Гомба) мектебінде директор, 1938 жылдың қаңтар айынан аудандық оқу бөлімінде нұсқаушы, 1939-1942 жылдары Кіші Ақсу ауылында директор қызметтерін атқарған.

1942 жылдың мамыр айында Ұлы Отан соғысына майданға аттанып, 1942-1945 жылдар аралығында Сталинградтан Берлинге дейін болған шайқастарға қатысқан. Сол бір сұрапыл жылдардағы соғыста көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы», II, III дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Соғыстан аман-есен туған жеріне оралған соң Сұңқар ауылындағы

колхоздың төрағасы, 1947-1949 жылдары «Социализм» колхозының төрағасы, 1949-1953 жылдары «Тельман» атындағы колхоздың төрағасы, 1953-1970 жылдары Ақтам селолық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Муратов Мурадил ата 1930 жылы Мевахан Әвләмқызымен отау құрып, дүниеге он бала әкелген. Өкінішке орай олардың төртеуі Ұлы Отан соғысына дейін кәмелеттік жасқа жетпей шетінеп кеткен. Соғыстан кейін туылған үш ұл мен үш қыздан 28 немере, 49 шөбере-әулеттің болашақтары. Ұл-қыздары мұғалім, дәрігер, сатушы және ауылшаруашылығы салаларында әртүрлі жұмыстар істеді. Бүгінде Муратов Мурадил атаның ұрпақтарынан бір ұл мен бір қыз әулеттің өмірін жалғастыруда. Муратов Мурадил 1982 жылдың 9 желтоқсанда өмірден өтті.

Қырықбаев Нүсіпқожа 1922 жылы Алматы облысының Сүмбе ауылында дүниеге келген. 1930 жылдан Сүмбе ауылындағы жеті жылдық мектепте оқып, оны бітірген соң «Жаңа жол» колхозының шаруашылық жұмыста-

рына белсене араласа бастап, ауылдық Кеңестің хатшысы, төрағасы, колхозда ферма меңгеруші, бас зоотехник қызметтерін атқарған.

1938 жылы Сүмбе ауылынан Ақтам ауылына қоныс аударып, онда колхоздың шөп бригадасының бригадирі, зоотехник, колхоз басқармасының төрағасы, құрылыс бригадирі, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттанып, химик-барлаушы болып жауапты қызмет атқарған. Өкінішке орай соғыс кезінде сержант шенінде болғаны және «Ерлігі үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдерімен марапатталғанынан бөлек басқадай деректер жоқ. Мүмкін соғыс кезінде химик-барлаушы болғандықтан жариялауға жатпайтын болған шығар. Тек орталық архивте құжаттары сақтаулы тұр.

Ерекше елгезек, еңбек сүйгіш, артына өшпейтұғын із қалдырған Қырықбаев Нүсіпқожа соғыстан кейін «Тельман» атындағы колхозда әр түрлі жұмыстар атқарған. «Тельман» атындағы колхозда түрлі жұмыстарды істеп жүріп, білімін жетілдіру мақсатында 1954 жылы Семей қаласындағы ауылшаруашылық техникумының агрономия бөлімін бітірген.

1969-1974 жылдар аралығында Н.Қырықбаевтың ұйымдастырып басқаруымен «Тельман» атындағы колхоздың малшыларының малдары таудағы жайлауға шығару мақсатында «Жіңішке», «Қазақсай», «Сулы-

сай», «Мәукеш», «Секіртпе» арқылы «Домалақ» жайлауына Грузия тауларында жасалған жол салу тәсілдерімен жол және жанадан егістік алқаптар ашылуына атсалысып, су шығару жұмыстарын жасатқан. Кезінде колхоз басқармасының төрағасы Айнабеков Орманбекті (ол да ҰОС-ның ардагері) тасыған, бүгінде жасы 80-нен асқан Кәкенеев Санат ағамыз біріер естеліктерді айтып еді: алғашында Ақтам ауылы осы күнгі ҰОС-да қаза тапқан жауынгерлерге орнатылған ескерткіштің оңтүстік жағында еді, сол кездерде Нүсіпқожа ағаның ұсынысымен Ақтам ауылының тұрғындарын ескерткіштің солтүстік жағына, яғни қазіргі орнына ауысуын ұйымдастырған (болашақта ауылдағы халықтың саны өседі, сондықтан кең үлкен жер керек деп шешкендері ғой). Ақтам ауылынан соғысқа аттанып, майданда ерлікпен қаза тапқандарға орнатылған ескерткішті орнату да Нүсіпқожа ағаның идеясы (колхозда сол жылдары дәнекерлеуші болып Қанайбек істеген екен). Сонымен бірге Ақтам ауылының шығыс жағындағы жазыққа Үлкен өзеннің суын темір трубалар арқылы арғы қабақтан бергі қабаққа шығаруға да басшылық жасаған. Дәнекерлеуші Қанайбек, колхоздың басқармасының төрағасы Нурауов Шамахан еді. Бұл 1970-1971 жылдарда болған.Колхоз алғаш рет 1971 жылы сол жазыққа сәбіз егіп, оның күтімін Ақтам орта мектебінде 9-шы сыныпты бітіргендер өндірістік бри-

гада есебінен күтіп-баптап сәбізден жоғары өнім алуға қол жеткізген еді, сол оқушылардың бірі осы жолдардың авторы мен едім.

Н.Қырықбаев 1979 жылы 59 жасында өмірден өтті.

Соғыс және еңбек ардагері Н.Қырықбаевтың ауылға жасаған еңбегі еленіп, жерлестері Ақтам ауылының бір көшесіне оның атын берген. Н.Қырықбаев Керімбекова Нұрсарамен отасып өмірге 3 перзент әкеліп, олардың білім алуларына жағдай жасаған. Соның нәтижесінде үлкен ұлы Мұқан ауылшаруашылық саласында, Шелек ауданының «Ащысай» совхозында басшылық қызметте де болып, 2010 жылы өмірден өтсе, Жеміла мен Бақыт Шелек ауылында тұрады, ал немере- шөберелерінің ішінен Алматы мен Астанада істеп жүргендері де бар.

Соғыс жылдары сол кішкентай Ақтам ауылынан туған жерді жаудан қорғауға 101 жауынгер аттанып, жартысы соғыс майданында ерлікпен қаза тапқан. Олардың әрқайсысы да, аман келгендердің барлығы да мақалаға арқау болуға лайық, өйткені бүгінгі бейбіт өмірде әрқайсымыз өз жұмыстарымызды істеп, тірі жүргеніміз- сол кездегі батыр ата-әкелеріміздің арқасы. Оны ешқашан да естен шығармауымыз керек. Батырларымыздың ерліктері кейінгі ұрпақтарға үлгі болуы тиіс.

Е.НҮРСЕЙІТОВ,
аудандық ардагерлер
ұйымының төрағасы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



ҚҰРМЕТТІ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ!

Шонжы ауылдық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мейраш Әлімқожақызы Сыбанбекованы туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Аяулы жар, асыл ана, ұлағатты ұстаз Мейраш Әлімқожақызы бар өмірін педагогика саласына арнаған, өз мамандығына адал жан. Ол қаншама жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, олардың парасатты азамат болып қалыптасуына сүбелі үлес қосты. Сонымен бірге жұмыс істей жүріп, өзінің 100-ге келген енесін әлпештеп күте білді. Мейірімділігімен, қарапайымдылығымен басқаларға үлгі – өнеге көрсетіп жүрген Мейраш Әлімқожақызын туған күнімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасының амандығын тілеймін!

РАЯ САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы

Поэзия әлемі

ЖҮРЕГІМНЕН ЖОСЫЛЫП
ЖЫР ЖОЛДАРЫ

1985 жылы Кеген ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген Ғани БЕЙҚҰТБАЙДЫҢ поэзия әлеміне бой ұрып, қолына қаламын алғалы біраз жылдардың жүзі болып қалды. Ол 2005– 2009 жылдары Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын 2003 жылы аудандық «Хантәңірі» газетінде теруші болып бастаған. 2003– 2005 жылдары аталған газетте дизайнер-фототілші, 2005– 2014 жылдары жауапты хатшы қызметін атқарды. 2014– 2021 жылдары аталған «Хантәңірі» газетінің директоры-бас редакторы болып істеген. 2021 жылдан «Қарқара» газетінің директоры-бас редактор болып қызмет жасаған.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақ журналистикасының қайраткері. «Алтын Қыран» орденінің иегері. Президенттің, облыс, аудан әкімдерінің «Құрмет» грамоталарымен, «Алғыс» хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған. Бүгін оның қаламының ұшынан дүниеге келген бір топ өлеңдерін жариялауды жөн көрдік.

КЕГЕНІМ

Кегенім туған жерім бағым едің,
Турады көз алдымда таулы белің.
Сағыныш саған деген кеудемде тұр,
Кегенім айтылатын әнім едің.

Кегенім сенде тудым биіктедім,
Жағылды құшағында үміттерім.
Кеудеме айналайын бір өзіңсің,
Тастаған ақыл ойды түйіп менің.

Кегенім бір өзіңді жыр етемін,
Мөлдір жыр жауқазындай гүл етегің.
Әрдайым ойымда тұр, жанымда тұр,
Жүректе жырға айналған сыр мекенім.

Кегеніме қыс келді қарға оранып,
Тем кешігіп шыққандай таң қамалып.
Қарға ойнаған балалар бәрі ыстық,
Жүрегімді барады баурап алып.

Қар жауып тұр Кегенде себелеген,
Қуанышын таң атса көре берем.
Құшағыңда аязың сезілмейді,
Ақ қарыннан әншейін өлең өрем.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Жүрегімнен айтатын сырым да бұл,
Көтеріліп, көңілім қиырда жүр.
Жайна, жаса-Отаным Қазақстан!
Тәуелсіз ел болғалы отыз жыл.

Ел-жерім деп бойдағы бұла күшім,
Талпынтады ертеңге бұлақ ісім.
Жайна, жаса-Отаным Қазақстан!
Сенің арқаң шатығым, қуанышым.

Шуағына әрдайым бөлесе күн,
Жақсылығын жанымның жол етемін.
Жайна, жаса-Отаным Қазақстан!
Сенің нұрлы қуантар келешегің.

Жүрегімнен төгіліп өлең деген,
Туған Отан үлпіліп сезер денем.
Жайна, жаса-Отаным Қазақстан!
Саған қарап қуанып, мерейленем.

Өміріме Ұлы елім өзек едің.
Гүлге толы өзінмен төңірегім.
Құтты болсын Отаным отыз жасың,
Сен тұрғанда бақытқа кенелемін.

Отаным-Қазақстан, туған елім,
Таққанмын жырдан алқа тұлғаңа өзім.
Тауларым еркелете құшақ жайса,
Арманым асқақтаған қырда менің.

Отаным-Қазақстан, нұрлы мекен,
Төсінде қызыл-жасыл гүлді кешем.
Сарқылмас саған деген махаббатым,
Көркінді көңліме күн ғып өтем.

Ұлыңмын ертеңіне жол аттаған,
Аппақ бір арманыммен қанат қағам.
Туған жер-сен қымбатсың бәрінен де,
Отаным-сенің орның бөлек маған.

ДОСТАРЫМ

Жыр арнадым достарым, сендерге арнап,
Лүпілінен жүрек те қалам алмақ.
Жанымдасың біргемін өздеріммен,
Көктем келер көгерер, жанарар бақ.

Аппақ тілек ақ жырын тізген менде,
Өздеріңді сағынсам іздер кеуде.
Жан достарым ойыма келесіндер,
Арайлана таң атып күн келгенде.

Гүл сыйласа жырменен дала әсем,
Достарыммен еркінді ғажап екен.
Өздеріңе тілесем бар жақсылық,
Жүрейікші тек қана аман-есен.

СҮЙІКТИМЕ

Қараймын мен көзіңе,
Елжіреп тәтті сөзіңе.
Тең келетін жан жоқтай,
Сүйіктім, сенің өзіңе.

Қараймын дидар көркіңе,
Күйемін іштің өртіңе.
Сен маған сенгін сүйіктім,
Берікпің әр кез сертіме.

Қараймын тағы, тағы да,
Аппақ бір сенің жаныңа.
Көріңбей кетсең сәл ғана,
Жүремін қатты сағына.

Ұзақ та болсын ғұмырым,
Тірліктің болмай күні мұң.
Жүрегімдегі жырмысың,
Сұлуым менің сұлуым,

Ұзақ та болсын шаттығың,
Жаныңа тұнып ақ күнің.
Аялап сені өтемін,
Айдын көлдегі аққуым.

Үніңді сенің тыңдады,
Жүрегім менин тулады.
Ойымда озың тұрасың,
Құралайым ау қырдағы.

Қарақат көз, алма ерін,
Арайланған таң бедің.
Жырымды арнап өзіңе
Сұлу боп туған жан дедім.

Үлбіреп қызыл ерін ақша жүзін,
Сен дедім бұлбұл құсым бақта бүгін.
Мөлдіреп көз алдымда сен тұрасың,
Бір өзің қуанышым тапса бүгін.

Сени ойлап жүрегім тербетілді,
Жыр етем қиылған қас келбетіңді.
Жанымды сағынышқа толтырасың,
Ойласам бір өзіңмен кездесуді.

Өлең ғой жанарыңнан талпынған нұр,
Ешқашан кеткім келмес қасыңнан бір.
Бейнелді жүрегіме қалдырдым да,
Жыр етем ақ қағазға жақын жанның.

Таңмен тұрып жүресің арайланып,
Ғажап күйге бөленем қарай қалып.
Сезімді қалайша жеткізермін,
Бір өзіңді жүрегім қалайды анық.

Таңмен бірге жайнайсың жазғы бақтай,
Қулық қандай сыңғырлы бал-бұлақтай.
Сағынамын көзіме көрінбесең,
Жүрсең болды, қалқам-ау, жан мұңайтпай.

Конкурс



20 мая 2025 года в Доме культуры микрорайона Арна прошёл патриотический конкурс песен под названием «Песни огненных лет».

По итогам конкурса III место завоевал ансамбль бабушек из микрорайона Жана-Арна с песней «Тырна».

Хочется пожелать ансамблю «Әдемі әжелер» творческих успехов. Особая благодарность руководителю ансамбля Тойлыбаевой Айтқуль.

29 мая наши бабушки Есенбекова Сабира, Усенбаева Асылжан, Кунназарова Аймекен, Ерасылова Мейрамқұл, Дузбаева Акмарал, Нуруллаева Катира будут выступать в селе Байкент.

Отбасылық құндылық

ДӘРІГЕР - БАЛАЛАРДЫҢ
ЖАНАШЫРЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында, Қонаев қалалық көпсалалы ауруханасының Үздік тәжірибелер орталығының жалпы тәжірибелі дәрігерлері мен мамандары, сондай-ақ, медбикелері Алматы облыс орталығындағы бірқатар орта білім беру мекемелерінде болды. Оның мақсаты оқушыларды профилактикалық тексеруге арналды.



Ал, Үздік тәжірибелер орталығының балаларды дамыту кабинетінде жалпы тәжірибелік дәрігер, тіс дәрігері, окулист, ЛОР дәрігері және т.б. мамандардың қатысуымен балалармен тегін профилактикалық және консультативтік жұмыстар жүргізілді. Ұйымдастырылған профилактикалық іс-шараға қатысқан балалардың ата-аналары мамандарға үлкен алғыстарын білдіріп жатты.

Жалпы тәжірибелі дәрігері Абенова Елдана Бекмұхамедқызы баламен кездескен кезде мамандардың: «Алдымен не қалайсың: температураңды өлшейміз бе, әлде жүрегің және өкпенді тындау керек пе?», алдымен қай құлағыңды қаратқың келеді: оң ба, сол ма?» - деп, балаларға тандау құқығы беріліп, олар өздерін ақ халатты абзал жанмен кездесудің толық қатысушысы ретінде сезіне білді. Жалпы тәжірибелі дәрігер Орынханова Мадина Орынханқызы мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптастыру бүгінгі күні ата-аналардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі екеніне сенімді. Оның қалыптасуына мектеп те қатысады, бірақ шешуші рөл, ең алдымен, отбасына тиесілі. Балалардың денсаулығын жақсарту үшін күнделікті режимді сақтау, дұрыс тамақтану, дене шынықтырумен айналысу және жаман әдеттерден аулақ болу өте маңызды.

Мектеп оқушыларының денсаулығы - физикалық, психикалық және әлеуметтік салауаттылықты қамтитын маңызды тақырып екендігін әркез есте сақтаған жөн. Денсаулықты нығайту үшін күнделікті режимді сақтау, тамақтануды бақылау, белсенді қозғалу, спортпен айналысу және оң эмоционалды жағдайды сақтау қажет.

Қонаев қалалық көпсалалы аурухананың баспасөз қызметі.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Медициналық
ұйымдарға
қойылатын
санитариялық-
эпидемиологиялық
талаптар

Инфекциялар, медициналық көмекке байланысты, қазіргі клиникалық медицинада үлкен проблема болып табылады. Олар ауруханаға жатқызылған науқастардың жиі кездесетін асқынуларының бірі. Әдетте, олар науқастардың денсаулық жағдайының болжамын нашарлатады, ауруханаға жатқызу ұзақтығын және емдеу құнын арттырады, антибактериалдық терапияның тиімділігін төмендетеді, стационарда төзімді штамдардың таралуына ықпал етеді.

Медициналық мекемелер жұқпалы аурулардың таралуы үшін тамаша орындардың бірі болып табылады. Бұл, ең алдымен, әдеттегі медициналық процедуралар микроорганизмдердің адам ағзасына ену қаупімен байланысты және инфекцияның пайда болуына себеп болуы мүмкін; медициналық қызметтер шектеулі физикалық кеңістіктегі пациенттердің көпшілігіне және көбінесе өте қысқа мерзімге ұсынылатындығымен; медициналық қызметкерлер мен мекеменің басқа қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттеріне байланысты потенциалды жұқтырған материалдармен күнделікті байланыста болады; медициналық көмекке жүгінетін

пациенттердің көпшілігінің денсаулығы нашар және осыған байланысты инфекция қаупі жоғары немесе инфекция көзі болып табылады.

Медициналық ұйымдағы пациенттер мен медицина қызметкерлерінің жұқпалы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірқатар жалпы талаптарды орындауды қамтиды:

қауіпсіз тамақтандыруды және сумен жабдықтауды қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

халықтың медициналық ұйымдарда болу жағдайларын қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды және жұқпалы ауруларға күдікті адамдарды, жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушыларды анықтау, есепке алу және тіркеу;

жұқпалы аурулардың болуын, жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасымалдауды сипаттайтын белгілерді анықтау және зерттеу;

эпидемиялық ошақта санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

карантин енгізу кезіндегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

алдын алу мәселелері бойынша азаматтарды гигиеналық тәрбиелеу және оқыту. Емдеу мекемелеріндегі инфекциялық қауіпсіздік ең алдымен санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтауды білдіреді.

Инфекцияның алдын алудың тиімді әдістерін енгізу, әрдайым аурухана жағдайына оң әсер етеді.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»